

Бердібаева Ә.Қ.,
Мұқажанова М.О.

**Кінәнің екі нысанымен
жасалатын қылмыстардың
қылмыстық құқық
бұзушылықтар жиынтығымен
арақатынасы**

Berdibaeva A.K.,
Mukazhanova M.O.

**The ratio of crimes to form
a double fault with a set of
criminal law offenses**

Бердибаева А.К.,
Мукажанова М.О.

**Соотношение преступлений
двойной формой вины
с совокупностью уголовно-
правовых правонарушений**

Мақалада кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың субъективтік ерекшеліктері қарастырылады. Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңында кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстарды бөліп қарастыру негіздемелері талданған. Кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың мінсіз қылмыстар жиынтығымен арақатынасы (өзгешеліктері) зерттелген. Сондай-ақ мақалада кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың құқықтық салдарлары мен қылмыстық құқықтағы субъективтік жауаптылық мәселелері көтерілген.

Түйін сөздер: кінә, қылмыстық жауаптылық, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар, қылмыстардың мінсіз жиынтығы.

The article deals with the subjective features of crimes with a double form of guilt, analyzed the validity of allocation of crimes with two forms of guilt in the new criminal legislation of the Republic of Kazakhstan. Abstract ratio (contrast) of crimes with two forms of guilt with an ideal set of crimes. Also in the article the question of the legal consequences of crimes to form a double fault and the problem of subjective imputation in criminal law.

Key words: guilt, criminal liability; the offense with two forms of guilt; the ideal set of crimes.

В статье рассматриваются субъективные особенности преступлений с двойной формой вины, анализируется обоснованность выделения преступлений с двумя формами вины в новом уголовном законодательстве Республики Казахстан. Исследовано соотношение (отличие) преступлений с двумя формами вины с идеальной совокупностью преступлений. А также в статье раскрываются вопросы о правовых последствиях преступлений с двойной формой вины и проблемы субъективного вменения в уголовном праве.

Ключевые слова: вина, уголовная ответственность, преступления с двумя формами вины, идеальная совокупность преступления.

**КІНӘНІҢ
ЕКІ НЫСАНЫМЕН
ЖАСАЛАТЫН
ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ
ҚҰҚЫҚ
БҰЗУШЫЛЫҚТАР
ЖИЫНТЫҒЫМЕН
АРАҚАТЫНАСЫ**

Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексіне кінәнің екі нысанымен қатар жасалатын қылмыстар үшін қарастырылатын жауаптылық жаңалық емес. Алайда, баптың атауында да, оның мәтінінде де жаңадан пайда болған «қылмыстық құқықбұзушылықтар» термині кейбір күмәнді ойларды туғызады. Немесе бұл басқаша айтқанда, қылмыстық құқық ғылымы үшін де, қылмыстық заңнама үшін де жаңалық, қылмыстық кодекстің 10-бабында аталған «қылмыстық теріс қылықтың» болатынын меңзеуі деп түсінуі керек. Яғни, «...заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын және адамның пиғылында болмаған ауыр зардаптар келтірілсе, мұндай зардаптар үшін қылмыстық жауаптылық, егер адам олардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз менмендікпен оларды болдырмауға болады деп есептеген немесе егер адам бұл зардаптардың туындау мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген, бірақ алдын ала болжап білуге тиіс және біле алатын болған жағдайлар...» ендігі жерде тек қана қылмыстар түрінде ғана емес, қылмыстық теріс қылықтар түрінде де кездеседі және «Тұтас алғанда, мұндай қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылады».

Белгілі болғандай, қылмыстық кодекстің 10-бабына сай, «қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады». Ал, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар үшін жауаптылық ол әрекеттер қасақана жасалған жағдайларда ғана және нәтижесінде заң бойынша неғұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын және адамның пиғылында болмаған ауыр зардаптар келтірілсе ғана туындайды. Сонда 10 бапта анықталған қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған әрекетті қылмыстық теріс қылық деп танитын болсақ, заңда анағұрлым қатаң жазаға әкеп соқтыратын ауыр зардаптар 10-бапта аталған белгілерге, әсіресе, «болмашы зиян» ұғымына сияр ма екен.

Сондықтан, заң шығарушы ең алдымен, 22-баптың бұрынғы 1997 жылғы қылмыстық кодекстегі «Кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыс үшін жауаптылық» атауын қалпына келтіргені жөн деп санауға болады. Өйткені, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың өзі адамның пиғылымен қамтылмаса да «ауыр зардаптар» нақты орын алған жағдайда ғана тиісті баптарға сай кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстар деп сараланады. Ал егер қасақана әрекет жасау салдарынан адамның пиғылымен қамтылған зардаптар келтірілсе, бұл әрекеттер мүлдем кінәнің екі нысанымен жасалған қылмыстарға жатпайды (олар қасақана жасалған қылмыстар болады) және де «болмашы зардап» емес, ол жерде де ауыр зардап келтіріледі, сондықтан қай жағынан алсаңыз да қарастырылып отырған құрамдар арасында қылмыстық теріс қылықтар жоқ.

Қылмыстық кодекстің осы 10-бабы айналасында айта кететін тағы бір жайт, оның «болмашы зиян келтіру» мен «маңызы жағынан болмашы» ұғымдарының аражігін нақты ажыратып алу. Осы мәселенің басын ашудың сот, құқыққорғау органдары қызметі үшін де, қылмыстық құқық ғылымындағы кінәнің дәрежесі, кінәнің көлемі сияқты мәселелерді шешуде де маңызы шаш етектен болар еді.

Жалпы алғанда, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың субъективтік белгілерінің күрделілігі сонда, олардағы субъектінің психикалық қатынасы қылмыстың негізгі құрамына қатысты қасақана, яғни тікелей немесе жанама, ауырлататын белгілеріне қатысты абайсызда, яғни менмендік немесе немқұрайдылық нысанында болады. Кейбір авторлардың пікірінше, кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың болуы осы қылмыстардың «өзіндік жеке заңшығарушылық құрылымының болу» есебінен негіз алып отыр[1]. Басқаша айтқанда, бұл қылмыстар жеке-жеке құрамдар, бірақ оларды келтірілген зардапқа деген бір әрекет ішіндегі екі түрлі психикалық қатынас біріктіріп отыр. Сондықтан, мұндай қылмыстардың субъективтік ерекшеліктері олардың объективтік жағының өзіне тән күрделі құрылымынан туындайды. Кінәнің екі нысаны бар қылмыстардағы қасақаналық осы құрамның субъективтік жағын көрсетеді де, ал абайсыздық топтастырылушы зардапқа қатысты психикалық қатынасты көрсетеді. Бірақ, бұл құрамдардың әрқайсысы өзінің сапалы белгілерін сақтап қалады. Мұны айтып отырғанымыздың себебі көбінесе кінәнің екі нысанымен жасалатын құрамдарды қыл-

мыстардың жиынтығына да жатқызатын пікірлер де кездеседі [2].

Айта кететін жайт, кінәнің үшінші бір нысаны пайда болды деуге келмейді, заң шығарушы, тек қана, формальды зардап пен орын алған зардапқа қатысты екі түрлі психикалық қатынастың болғаны туралы айтады. Және де заң шығарушы екі қылмыс құрамын осы субъективтік белгілеріне қарай бір құрамға біріктіреді[3], өйткені қорытындысында формальды зардап та, орын алған зардап та бір ғана әрекет немесе әрекетсіздік салдарынан болып тұр.

Сонымен, кейбір авторлардың ойынша, қылмыстардың жиынтығы мен кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстардың айырмашылығы жоқ[4]. Бірақ, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 13-бабы «осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады» деп анықтайды. Сондай-ақ, қылмыстық «...кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады». Жоғарыда айтылған пікірді алға тарта отырып, бірақ бұл авторлар кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстар үшін жауаптылық қарастырылатын баптың болуы заңды деп мойындайды [5].

Қылмыстардың жиынтығында заңшығарушы бірнеше әрекеттер немесе әрекетсіздіктерден туындайтын бірнеше салдарлары бар қылмыс құрамдарының шоғы туралы айтады. Ал кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстарда құқықтық салдарларға қатысты зардап та, жасалған әрекет те біреу. Тек қана әрекетінің қорытынды-

сында пайда болған топтастырылушы зардаптын орын алатыны кінәлінің қасақаналығымен қамтылмаған, яғни кінәлі осындай зардаптардың болуын күтпейді.

Сонымен бірге, көліктегі қылмыстардың барлығын жалпы алғанда қасақана қылмыстар деп жариялауға болады деген көзқарастар да жоқ емес[6]. Қылмыстық кодекстің 345-бабында қарастырылған «Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы» әрекетіне деген кінәлінің психикалық қатынасы қасақана да, абайсызда да болады, ал орын алған ауыр зардаптарына деген қатынасы әрқашан қасақаналық нысанында болады.

Қылмыстық кодекстің 22-бабындағы тұтас алғанда, мұндай қылмыстық құқық бұзушылық қасақана жасалған деп танылатыны да ғылымдағы даулы мәселелердің бірі. Қылмыстық құқықтағы қасақана қылмыстардың өзіндік

ерекшеліктері айталық, адам өміріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, халық денсаулығына және имандылыққа қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар және тағы да басқалары қасақаналықтың интеллектуалдық және ерікті кезеңдерінің нақтылығымен сипатталады. Ал қасақана қылмыстарды кінәнің екі нысанымен жасалатын қылмыстармен теңестіру субъективтік айып тағу тұрғысынан алғанда қылмыстарды топтастырудағы туындайтын мәселелерді былай қойғанда, тәжірибелік маңызы зор көптеген сұрақтарды ашық қалдырады. Мысалы, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болатын жас шамасын анықтауда, қылмыстардың санатын анықтауда, сонымен қатар, аяқталмаған қылмыстарды топтастыруда, кінәнің нысанын анықтауда бірқатар қиындықтарды тудырады. Ал 22-баптағы қылмыстық әрекеттердің құқықтық салдарлары туралы мәселені шешуде әрекеттің қасақана жағын ғана есепке алу қажет.

Әдебиеттер

- 1 Рарог А.И. Настольная книга судьи по квалификации преступлений. – М., 2008. – С. 101.
- 2 Уголовное право. Актуальные проблемы теории и практики: сборник очерков / под ред. В.В. Лунеева. – М., 2010. – С. 227.
- 3 Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі. № 226-V Қазақстан Республикасының Заңы//Ақпараттық жүйе «ПАРАГРАФ», 2016.
- 4 Пудовочкин Ю.Е. Учение о составе преступления. – М., 2009. – С. 172.
- 5 Лукьянов В.В. «Двойная» вина – свидетельство отставания юридической науки от требований технического прогресса // Государство и право. 1994. – № 12. – С. 53-64. Лукьянов В.В. Технический прогресс и уголовное законодательство // Российская юстиция. 1999. – № 10. – С. 29-30.
- 6 Ткаченко В.Н. Субъективная сторона преступления на автотранспорте // Правоведение. – 1968. – № 6. – С. 116-120.

References

- 1 Rarog A.I. Nastol'naja kniga sud'i po kvalifikacii prestuplenij. – M., 2008. – S. 101.
- 2 Uголовное право. Aktual'nye problemy teorii i praktiki: sbornik oчерkov / pod red. V.V. Luneeva. – M., 2010. – S. 227.
- 3 Kazakstan Respublikasynyn kylmystyk kodeksi. № 226-V Kazakstan Respublikasynyn Zany //Akparattyk zhyje «PARA-GRAF», 2016.
- 4 Pudovochkin Ju.E. Uchenie o sostave prestuplenija. – M., 2009. – S. 172.
- 5 Luk'janov V.V. «Dvojnaja» vina – svidetel'stvo otstavanija juridicheskoi nauki ot trebovanij tehničeskogo progressa // Gosudarstvo i pravo. 1994. – № 12. – S. 53-64. Luk'janov V.V. Tehničeskij progress i uголовное zakonodatel'stvo // Rossijskaja justicija. 1999. – № 10. – S. 29-30.
- 6 Tkachenko V.N. Sub#ektivnaja storona prestuplenija na avtomottransporte // Pravovedenie. – 1968. – № 6. – S. 116-120.